

«Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ
МКҚК «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

«Келісілді»

Педагогикалық кеңес

№ 1

«28» 08 2025 жыл

«Бекітілді»

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»

бөбекжай-балабақшасының басшысының м.а:

С.С. Баймағамбетова

Бағдарлама «Ақылды балақай»

Хромтау қаласы, 2025 жыл

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында талқыланды

« 28 » 08 2025 ЖЫЛ

С.С.Баймағамбетова
(тегі, аты, әкесінің аты)



Түсінік хат

Қазақ елінің тәуелсіз мемлекет аталып, қазақ тілінің мемлекеттік тіл болып, тұңғыш Ата Заңының қабылдануы, Білім беру Заңының қабылдануы, ұрпақ тәрбиесі жөнінде жаңаша ойлауды, оны жақсарту жолдарын айқындай түсуді талап ететіндігі сөзсіз. Қазақстан азаматтарының білім мен әл-ауқатының, денсаулығының арттыру қамтамасыз ету мақсатында Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» атты өз халқына жолдауында, қазіргі кездегі ғылым мен техниканың даму деңгейі әрбір оқушыда сапалы және терең білім мен іскерліктің болуын, олардың шығармашылықпен жұмыс істеуін, ойлауға қабілетті болуын талап етеді.

Бала шыр етіп жерге түскеннен бастап анасының бесік жырын, әлди әнін естіп өседі, халықтың көркем, ұтымды, ықшам, қанатты, сөздерімен, мақал-мәтелдерімен, аңыз-ертегілерімен, күлдіргі және өтірік өлеңдерімен танысады, сол арқылы жағымды бейнелерге, олардың адамгершілік қасиеттеріне, еңбектегі табыстарына сүйсінеді. Балаға үздіксіз білім беру жүйесінде мектепке дейінгі ұйымдар басты буын болып есептеледі. Өйткені, балабақшада балаларды дұрыс тәрбиелеуді қамтамасыз етеді, әр баланың қызығуы мен қажетіне ұқыптылықпен, қамқорлықпен қарайды, балалардың денсаулығын сақтауға, қорғауға байланысты дәрігер талабын орындайды, өзін – өзі бақылауға, қоршаған ортаны тануға, ана тілімен ақыл – ойындамытуға үйретеді. Отандық ғалымдар: Б.Баймұратова, Б.Наурызбаева, Р.Жұмағожина, Б.Әмірова, А.Меңжанова, Ә.Таубаева және т.б. өз еңбектерінде көркем шығармаларды балабақшада пайдаланудың жолдары мен әдіс – тәсілдерін жан-жақты қарастырған. Балалар әдебиетінің қалыптасу, даму жолдары, білімдік, тәрбиелік мәні Ш.Ахметов еңбектерінде, бүгінгі таңдағы қазақ балалар әдебиетінің тәрбиелік маңызы М.Әлімбаев, Ә.Табылдиев т.б. авторлардың мақала, зерттеулерінен айқын көруге болады. Б.Баймұратованың құрастыруымен қазақ балалар әдебиетінің, соның ішінде мектеп жасына дейінгі балаларға арналған хрестоматиялар «Біздің кітап» атты екі жинақ шықты. Халық ауыз әдебиетінің бала дүниетанымын, көркем бейнені қабылдау мәселесін және адамгершілік қасиеттерді қалыптастыруда маңызы зор.

Аталмыш тәрбие міндеттерін жүзеге асыруда халық ауыз әдебиетінің ролі ерекше. Ол дүниені, өмірді, адамдарды, олардың адамгершілік қасиеттерін, еңбек түрлерін танып – білудің құралы болып табылады. Әдебиет адамдардың рухани дүниесін, мінез – құлқын, өзара қарым – қатынастарын бейнелі түрде көрсетіп, баланың қабылдауын, қиялын, ақыл – ойын жетілдіреді. Көркем әдебиетте айналадағы шындық дүние, табиғат, қоғамдық өмір, адам арасындағы қарым – қатынастар суреттеледі.

Бірақ жалпы алғанда, жас ұрпақты адамгершілік пен еңбекке тәрбиелеу, моральдық ережелерді меңгертіп, адамгершілік қасиеттерді қалыптастыру мен бекіту, балалардың тілін дамыту құралы ретіндегі көркем әдебиеттің ролі жеткілікті зерттелген деуге тіпті де болмайды.

Аталған мәселелерді қарастыруда бірқатар қарама – қайшылықтарды айқындадық:

- балалардың ойлау қабілетінің қазақша қалыптаспағандығын ескеріп, ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланудың жеткілікті қарастырылмағандығы;
- сөздік қорының аздығына сәйкес байланыстырып сөйлеу дағдыларының қалыптастыспағандығы;
- ауыз әдебиеті үлгілерінің жас ерекшеліктеріне сәйкес іріктеліп жинақталмағандығы;

Аталған олқылықтардың орнын толықтыру мақсатында іс-тәжірибенің тақырыбын: **«Ақылды балақай»** – деп таңдап алуға негіз болды.

Мақсаты:

Халық ауыз әдебиеті нұсқаларын тиімді пайдалану арқылы, балалардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын молайту.

Міндеті:

- халық ауыз әдебиеті нұсқаларын балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеп, талдап пайдалану арқылы баланың тілін дамытып, сөздік қорын молайту;
- балабақша тәрбиешілеріне арналған халық ауыз әдебиеті үлгілері жинағын дайындау;

Күтілетін нәтиже:

- халық ауыз әдебиеті нұсқаларын балалардың жас ерекшеліктеріне сай іріктеп, тіл дамыту, көркем әдебиет сабақтарында пайдалану арқылы, баланың сөздік қоры молаяды, ауыз екі сөйлеу тілі дамиды.
- халық ауыз әдебиеті негізінде балаларды байланыстырып сөйлеуге үйретудің әдіс – тәсілдері нақтыланады;
- балабақша тәрбиешілеріне арналған халық ауыз әдебиеті үлгілері жинағы дайындалады;

Жұмыс түрі: жеке, топтық.

Қолданылатын әдіс- тәсілдер: сауалнама, диагностика, ойын, сахналау, мәнерлеп оқу, артикуляциялық гимнастика, жаттау.

Ұзақтылығы: 1 жыл

Қажетті құрал- жабдықтар: ұнтаспа, ноутбук, атрибуттар, ертегілер жинағы, суреттер, костюмдер, қуыршақтар.

Күнтізбелік жоспар

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
I тарау «Ауыз әдебиеті – жасырлар жемісі»-4			
1	Кіріспе. Халық ауыз әдебиетінің түрлері.	1	
2	Суретке қарап, әңгіме құрастыру	1	
3	«Қуыршақты ұйықтатамыз»	1	
4	«Ауыз әдебиеті-көркем сөздің үлгісі»	1	
II тарау «Халық ауыз әдебиетінің түрлері»-17			
5	Ертегілер елінде	1	
6	«Бауырсақ» ертегісін сахналау	1	
7	«Мақта қыз бен мысық» ертегісі	1	
8	«Түлкі,аю,қойшы» ертегісін сахналау	1	
9	«Мақал-сөз мәйегі» сайыс	1	
10	Аңыз әңгімелер. Алдар Көсе бейнесін сахналау	1	
11	Қожанасыр бейнесімен таныстыру	1	
12	«Шық бермес Шығайбай» ертегісі	1	
13	«Жаңылтпаштар жаттайық!»	1	
14	Жұмбақ шешу	1	
15	«101 жұмбақ» жұмбақтар сайысы	1	
16	Батырлар жыры – асыл мұра	1	
17	«Билер сөзі» шешендік сөз үлгілерін жаттау	3	
18	«Шешендік толғау» нақыл сөздерді жаттау	2	
III тарау «Тұрмыс-салт жырлары»- 15			
19	Төрт түлік жырлары	1	
20	«Төрт түлігім – ырысым»	1	
21	«Төлдер қалай дыбыстайды?»	1	
22	«Жан-жануарларды ата»	1	
23	«Төрт түліктің пайдасы»	1	
24	«Менің мысығым» шағын әңгіме құрастыру	1	
25	Төрт түлік туралы ырымдар	1	
26	«Жылық-малдың патшасы, Түйе-малдың қасқасы» шағын әңгіме құрастыру	1	

27	«Әлди,бөпем!» бесік жырларын жаттау	1	
28	«Тұсау кесу жыры» сахналау	1	
29	«Ақ тілек – ақ бата» бата жаттау	1	
30	«Батаменен ер көгерер» бата сайысы	1	
31	Тыйым сөздерді жаттау	1	
32	«Беташар» өлеңін жаттау	1	
33	«Тойбастар-жыр шашу» жаттау	1	
34	Қорытынды	36	

№	Тақырыбы	Мақсаты	Әдіс-тәсілі
I тарау «Ауыз әдебиеті – ғасырлар жемісі» - 4			
1	<i>Кіріспе. Халық ауыз әдебиетінің түрлерімен таныстыру</i>	Балаларға ауыз әдебиеті туралы түсінік беру, өз ойларын айту дағдыларын дамыту.	Баяндау, әңгімелеу, сұрақ-жауап, топтық жұмыс
2	<i>Суретке қарап, әңгіме құрастыру</i>	Тыңдай білуге, түсінуге, өзіне қойылған сұрақтарға жауап бере білу дағдыларын дамыту, зеректілік мен ой ұшқырлығын дамыту.	Миға шабуыл, ой қозғау әдістері, сұрақ-жауап, эвристикалық әдіс
3	<i>«Қуыршақты ұйықтатамыз»</i>	Кішіпейілділік пен адамгершілік, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өнерге эстетикалық талғамын және есте сақтау қабілетін дамыту.	Іздену, топтық әдіс, сұрақ-жауап, дидактикалық ойындар.
4	<i>«Ауыз әдебиеті-көркем сөздің үлгісі»</i>	Ауыз әдебиетінің түрлерін ажырата білу, көркем сөзді анық айта білу, сөздік қорларын молайту.	Венн диаграммасы, сұрақ-жауап, әңгімелесу.
II тарау «Халық ауыз әдебиетінің түрлері» -17			
5	<i>Ертегілер елінде</i>	Баланың ой-өрісін, таным қабілетін дамыту. Ертегіге сүйіспеншілігін дамыту.	Дидактикалық ойындар, саяхат жүргізу, сұрақ-жауап, «Ғажайып сәт»
6	<i>«Бауырсақ» ертегісін сахналау</i>	Ертегі тыңдауға қызығушылықтарын ояту, есте сақтау қабілеттерін дамыту, рольге бөліп ойнау дағдыларын қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту.	Баяндау, сахналау, рольге бөлініп ойнау, түсіндіру, қайталау.
7	<i>«Мақта қыз бен мысық» ертегісі</i>	Есте сақтау қабілеттерін дамыту, рольге бөліп ойнау дағдыларын қалыптастыру, баланың әртістік қабілеттерін дамыту.	Рольге бөліп ойнау, тыңдау, қайталау, сахналау.
8	<i>«Түлкі, аю, қойшы» ертегісін сахналау</i>	Рольге бөліп ойнау дағдыларын қалыптастыру, баланың әртістік қабілеттерін дамыту, дауыс ырғағын құбылтуды үйрету, мәнерлеп айту дағдысын қалыптастыру.	Баяндау, сахналау, рольге бөлініп ойнау, түсіндіру, қайталау.

9	<i>«Мақал-сөз мәйегі» сайыс</i>	Есте сақтау қабілеттерін және жаттау дағдыларын дамыту, мақалдың мағынасын түсіне білуге үйрету.	Түсіндіру, топпен жұмыс, сайыс
10	<i>Аңыз әңгімелер. Алдар Көсе бейнесін сахналау</i>	Ауызекі сөйлеу дағдыларын дамыту, рольде ойнау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту.	Сахналау, баяндау, рольге бөлініп ойнау.
11	<i>Қожанасыр бейнесімен таныстыру</i>	Сөздік қорларын молайту, дүниетанымдарын кеңейту, тапқырлыққа үйрету.	Баяндау, сұрақ-жауап, тапсырма беру
12	<i>«Шық бермес Шығайбай» ертегісі</i>	Кейіпкерлерге мінездеме беруге, мазмұнды түсіне білуге үйрету, сөздік қорларын молайту.	Баяндау, сұрақ-жауап, мінездеме беру, Венн диаграммасы
13	<i>«Жаңылтпаштар жаттайық!»</i>	Есте сақтау, қайталау, жаттау машықтарын дамыту, сөздік қорларын молайту.	Жаттау, қайталау, тапсырма беру
14	<i>Жұмбақ шешу</i>	Есте сақтау қабілетін дамыту, тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу, ойлау қабілеттерін дамыту	Жұмбақ шешу, сұрақ-жауап, «Ғажайып сәт»
15	<i>«101 жұмбақ» жұмбақтар сайысы</i>	Жұмбақты түсініп, шешуін таба білуге, тапқырлыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу, бәсекелестік қабілеттерін дамыту	Жұмбақ шешу, сұрақ-жауап, сайыс
16	<i>Батырлар жыры – асыл мұра</i>	Батырлар жыры туралы түсінік беру, батылдыққа, отансүйгіштікке тәрбиелеу	Мәнерлеп оқу, түсіндіру, слайд-шоу көрсету, сұрақ-жауап
17	<i>«Билер сөзі» шешендік сөз үлгілерін жаттау</i>	Қазақ халқының билері туралы түсінік беру, билердің сөзін түсінуге үйрету, есте сақтау қабілеттерін дамыту	Мәнерлеп оқу, түсіндіру, баяндау, сұрақ-жауап, жаттау, сахналау
18	<i>«Шешендік толғау» нақыл сөздерді жаттау</i>	Нақыл сөздердің мағынасын ұғындыру, жаттау машықтарын дамыту.	Жаттау, қайталау, түсіндіру
III тарау «Тұрмыс-салт жырлары»- 15			
19	<i>Төрт түлік жырлары</i>	Төрт түлік жырларымен таныстыру, төрт түлік туралы түсінік беру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, слайд-шоу
20	<i>«Төрт түлігім – ырысым»</i>	Төрт түлік туралы тақпақтарды жаттау	Жаттау, қайталау, сұрақ-жауап

21	«Төлдер қалай дыбыстайды?»	Төлдер туралы білімдерін кеңейту, дыбыстарын ажырата білуге үйрету, есте сақтау, қайталау қабілеттерін дамыту	Әңгімелеу, қайталау, ауди- дискілерді тыңдау, дидактикалық ойын
22	«Жан-жануарларды ата»	Төр түлік туралы білімдерін кеңейту, пайдасы мен тіршілігі туралы түсіндіру	Әңгімелеу, қайталау, слайд-шоу, дидактикалық ойын
23	«Төрт түліктің пайдасы»	Қазақ халқының тіршілігінде төрт түліктің алатын орны туралы айту, пайдасы жөнінде білімдерін кеңейту.	Түсіндіру, сұрақ-жауап, слайд-шоу
24	«Менің мысығым» шағын әңгіме құрастыру	Мысық туралы шағын әңгіме құрастыру, ойларын айта білуге үйрету, сөздерді байланыстыру, сөйлемді дұрыс құру дағдыларын дамыту.	Әңгіме құрастыру, түсіндіру, сұрақ-жауап
25	Төрт түлік туралы ырымдар	Төрт түлікке байланысты халық арасында кең тараған ырымдар туралы түсіндіру, мағынасын ұғындыру.	Түсіндіру, сұрақ-жауап
26	«Жылық-малдың патшасы, Түйе-малдың қасқасы» шағын әңгіме құрастыру	Сурет бойынша әңгіме құрастыруға үйрету, сөздерді байланыстырып сөйлем құру дағдыларын дамыту.	Альбом дайындау, әңгімелеу, тапсырма беру, топтық жұмыс
27	«Әлди, бөпем!» бесік жырларын жаттау	Бесік жыры туралы түсінік беру, бесік жырын жаттату, мазмұнын ұғындыру	Жаттау, қайталау, ән айту, ауди- дискіні тыңдау
28	«Тұсау кесу жыры» сахналау	Тұсау кесу дәстүрі туралы түсінік бере отырып, жырдың мағынасын ұғындыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту	Түсіндіру, жаттау, сахналау, көрсету
29	«Ақ тілек – ақ бата» бата жаттау	Баталардың түрлері мен мазмұнын түсіндіру, тәрбиелік мәнін ұғындыру, бата беру әдістерін меңгерту	Жаттау, түсіндіру, мәнерлеп оқу
30	«Батаменен ер көгерер» бата сайысы	Бата жаттауға ынталарын ояту, мәнерлеп оқуға үйрету, үлкенді сыйлауға, құрметтеуге тәрбиелеу	Жаттау, сайыс, сұрақ-жауап
31	Тыйым сөздерді жаттау	Тыйым сөздер, олардың мағынасы туралы балаларға түсінік беру	Түсіндіру, жаттау, сұрақ-жауап

32	<i>«Беташар» өлеңін жаттау</i>	«Беташар» дәстүрі туралы түсінік беру, «Беташар» жырының мазмұндық ерекшелігін ұғындыру, тәрбиелік сипатын түсіндіру	Слайд-шоу, сұрақ-жауап, түсіндіру
33	<i>«Тойбастар-жыр шашу» жаттау</i>	«Тойбастар» дәстүрі туралы түсінік беру, «Тойбастар» жырының мазмұндық ерекшелігін ұғындыру, тәрбиелік сипатын түсіндіру	Слайд-шоу, сұрақ-жауап, түсіндіру
34	<i>Қорытынды</i>	Өткен тақырыпты қайталау, қорытындылау	Сұрақ-жауап, тапсырмалар беру

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. Астана. 2012ж.
2. Аханова Қ.Тіл білімінің негіздері:Алматы,1993ж.
- 3.Баймұратова А. Тіл дамыту.-Алматы 2005ж.
- 4.Дүкенбаева. Ғ. Мектеп жасына дейінгі балаларды ойын арқылы адамгершілікке тәрбиелеу: Рауан,-Алматы:1992ж.
- 5.Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі:Алматы:2003ж.
- 6.Сансызбайқызы М.С., Көшенқызы Г «Баланы отбасында санауға үйрету».- Алматы:1995ж.
- 7.Малайсарин Ж. Қазақ мақал-мәтелдері.Алматы:2007ж.
- 8.Меңжанова Ә, Исмагулова Г., Дайрабай Е. Мектепке дейінгі педагогика.- Алматы:1982ж.
- 9.Отбасы және балабақша.-Алматы:1996ж.
- 10.Отбасында баланы тәрбиелеу.-Алматы : 2000ж.
- 11.Аханова Қ. Тіл білімінің негіздері:Алматы,1993ж.
12. Рахметова С. Қазақ тілін оқыту әдістемесі:Алматы:2003ж.
13. Байтұрсынова А. Тіл тағлымы.-Алматы :1992ж.
- 14.Балқаева М.,Сайрамбаев Т. Қазіргі қазақ тілі.-Алматы: 1997ж.